

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) « Бөбек лүпілі»жеке меншік балабақшасы

Топ: ортаңғы Айшуақ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.02 - 23.02.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Қасымханова Д.Е

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен "Егер балаңыз төбелесе беретін болса" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Гигиеналық дағдыларды сақтай отырып, балалардың сумен жұмыс істеу іскерліктерін	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Өз орындарында оқулықтар мен ойыншықтарды өз бетімен, әдемі және ұқыпты етіп	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Төсек жапқыштарын өздігінен кигізуге және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын

және басқалар)	жетілдіру (жеңдерін түріп, сулау және матаны сығу, қажет болса шаю және жуу).	майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу.	орналастыру, шкафтардағы тәртіпті сақтау.	шкафтарда тәртіпті сақтау, шаң сүрту.	көмектерді көрсету, көмектесуге деген ұмтылысты және басқалардың жұмысына құрметпен қарау.
	"Кімге не керек?" дидактикалық ойыны, үстел үсті ойындары, саусақ жаттығулары.	Құрылыс ойындары: "Спорт алаңын құрастыру", "Қуыршаққа арналған спорт алаңы". (құрастыру) "Мен қандай спортпен шұғылданатынымды тауып көрші" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: спорт түрлері жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту)	Суреттер қарастыру. Мақсат-міндеттер. "Спорт түрлері" тақырыбында суреттер қарастыру. Балабақшаның ішінде саяхат жасау. Суреттер бойынша әңгімелесу.	"Денсаулық" және "спорт" туралы әңгімелесу. "Дене мүшелерін ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: дене мүшелер жайлы білімдерін толықтыру. (сөйлеуді дамыту)	Үстел үсті ойындары: пазлдар. "Спорт" және "денсаулық" туралы әңгімелесу.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға шақ текшелермен).				

	1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алға созып, алақандарын ашып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп "міне" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа және 4 рет қайталанады). 3.Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде. 3.1. Жерге отырып, қолдарын алға созып "міне" деген сөзді айтады. 3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, текше ұстаған қол көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, екі қолды көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Дәрумендер дегеніміз не?" әңгімелесу. Мақсат-міндеттер: дәрумендердің адам ағзасына тигізер пайдасы туралы білім беру; "денсаулық", "дәрумендер" деген түсініктермен таныстыру; көгөністер мен жеміс - жидектер туралы білімдерін бекіту.	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын!	"Спортшыл отбасы" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру.	"Денсаулық" тақырыбында мақал-мәтелдер жаттау.	"Отбасында кім қандай спортпен шұғылданады?" сөздік ойыны.

	(сөйлеуді дамыту)	Мейірім мен жылулыққа орта толсын! Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық, Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық! Тусипжанова-Шагирова А. (сөйлеуді дамыту)			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Салауатты өмір". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жетуге үйрету.	Дене шынықтыру "Шынықсақ - шымыр боламыз". Мақсат-міндеттер. Балаларда отырған күйінде екі аяқтың арасынан допты домалатып, орнынан тұрып қуып жету және екінші 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникаларын дамыту; спорт және денсаулық туралы	Музыка "Қыс әні" Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру "Кенгуру секілді секіреміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; балаларда бір орыннан ұзындыққа секіруге жаттықтыру.	Қазақ тілі «Жыл құстары» Көктемге тән белгілердің қазақ тіліндегі атауларын таныстыруды жалғастыру (қар еридi, ағын сулар ағады, құстар ұшып келедi, күн жиі жарқырайды). Балалардың ұғымындағы құстар және олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін

		білімдерін толықтыра отырып, спортпен шұғылдануға ынталандыру.			бекіту (құстар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Қарғаны бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қарға жайлы білімдерін кеңейту; оның тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, қоректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдету; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға	Құстардың қардың бетіндегі іздерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін толықтыру, қай құстың ізі екенін ажырату іскерліктерін жетілдіру; байқағыштық пен	Ұлпақарларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ұлпақарлардың қасиеттері туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды қардан тазарту). (еңбек	Қыстап жатқан құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсаты: қыстайтын құстар туралы түсініктерін дамыту; оларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын	Балабақша алаңындағы өзгерістерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: айналадағы өзгерістерді байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары

қамқорлық жасауға ұмтылуға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарғалар". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойын	зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қардан төбешік жасау). (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысық пен тышқандар", "Доп" (2-3 ойнатылады). (дене шынықтыру) Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру техникаларын	дағдылары) Мақсат-міндеттер: еңбекке деген позитивті қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Боран", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: заттарды бұзып алмай, қар ғимараттары арасында бірінің артынан бірін жүгіруге үйрету, педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет ете білуге үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Келесі кім?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: бір жерден және жүгіріп ұзындыққа	қарапайым еңбек тапсырмалары (ағаштардың айналасына қар күреу). Мақсат-міндеттер: еңбек етуге, үлкендерге көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Мысықтар мен тышқандар", "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша тез қозғалуды үйрету; дыбыстарды айтуға жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жылдамдықпен	(барлығы бірге ұйымдасып жолды қардан тазартуға үйрету). Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс жасау қабілетін бекіту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйсіз қоян". Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, жылдамдықпен жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.
--	--	---	---	--

	әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға қойылған заттарды айнала жүгіруге машықтандыру.	жетілдіру, жеңілдікті, жігерлі қимылдарды қалыптастыру.	секіруді үйрету.	жүгіру қабілетін бекіту; лақтырудың дәлдігі мен күшін дамыту.	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Доп" тақпағын мәнерлеп оқу. Мақсат-міндеттер. Балаларды доп туралы тақпақ мазмұнымен таныстыру, көркем сөз арқылы доптың қасиеттері жөнінде білімдерін толықтыру, затты сипаттау тәртібін бекіту.	Сурет салудан ойын-жаттығу "Текшелер". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең сызық бойына текше пішіндерін (кубиктерді), кезекпен тізіп салуда жаттықтыру; текшені салуда бір-бірінен сәл алшақ орналасқан тік сызықтардың үстіңгі және төменгі ұштарын көлденең	Жапсырудан ойын-жаттығу "Жиналған ойыншықтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішінді заттарды үлкенінен бастап кішкентайына дейін жинақтау тәртібіне, кезекпен жапсыруға үйрету; геометриялық пішіндердің қасиеттері, заттарды	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Спортшылар бәріміз" Мақсат-міндеттер. Балалардың екі тең не тең емес заттар тобын ұзындығы немесе саны бойынша салыстыру іскерліктерін жетілдіру, салыстырудың нәтижесін айтқызып үйрету; заттарды оң	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Кім күшті?" Мақсат-міндеттер. Балаларды "Кім күшті?" өлеңімен таныстыра отырып, мазмұны бойынша мәтіндегі жолдарды мәнерлеп оқу; ұзақ шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-

	"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц, термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	түзу сызықпен қосуға үйрету. Ұлттық ойын "Соқыр теке" Балалар дөңгелене тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ. Соқыр теке бақ-бақ, Мені ізден тап-тап - деп өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыр теке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп тұртіп қашады. Соқыр теке ұстап алған баланың көзі байланады да ол «соқыр теке» рөлін атқарады. Ойын осылай жалғаса	салыстыру амалдары жөнінде білімдерін бекіту. Тақпақ жаттау Қымыз Жеңгем бие сауады, Ағам саба піседі. «Денсаулыққа дауалы», Деп үлкендер ішеді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	(сол) қолымен алып, жолақтың сол жағынан бастап, оң жағына қарай салу тәсіліне жаттықтыру; көз өлшемін, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Сюжетті-рөлдік ойыны: "Тазалықты сақтайық". Мақсат-міндеттер: ойынға деген қызығушылықты дамыту; балалар арасындағы жағымды қатынастарды қалыптастыру; тазалыққа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен	жаттығу "Емдік өсімдіктер". Мақсат-міндеттер. Емдік өсімдіктерге байланысты көркем сөздерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын молайту; қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізе білу дағдыларын қалыптастыру; ойлау қабілеті мен зейінін, дүниетанымы мен есте сақтауын және байқампаздығын дамыту.
--	--	---	--	---	--

		береді.		танысу)	
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Дәрумендер". Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды). Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды). Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді). Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын	"Сөйлем құрастыру". Мақсат-міндеттер: суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер, шағын әңгіме құрастыруға балаларды машықтандыру; байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы денсаулық және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. (сөйлеуді дамыту,	"Кел, санайық санамақ" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды мәтін жолдарының ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Кел, санайық санамақ, Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы, Шылдыр шүмек анасы. Шынашағым балапан Бәріне ортақ алақан.	Тақпақ айту Біз осылай өсеміз Суда жүзіп өсеміз, Қырда жүріп өсеміз. Күнде қызып өсеміз, Құмда шыжып өсеміз. Таулар көріп өсеміз, Баулар егіп өсеміз. Жеміс теріп өсеміз, Жеңіскер боп өсеміз. Талаптанып өсеміз, Қанаттанып өсеміз, Талаптанып, қанаттанып өсеміз! М.Әлімбаев (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Суреттер қарастыру. "Дені саудың - жаны сау" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Сұрақтарға толық жауапты талап ету.

	көрсетеді). (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	қазақ тілі)	(сөйлеуді дамыту)		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Өнер бұрышында бояу суреттерін бояу, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру) Мақсат-міндеттер. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ				

	негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. (сурет салу) Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. (математика негіздері)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кеңес. "Спортпен шұғылданудың маңызы".	Тәрбиеленушілердің ата-аналарын мектепке дейінгі жастағы балалардың үйде және балабақша жағдайында денсаулығын нығайтуға және сақтауға ықпал ететін негізгі факторлармен таныстыру.	"Жеке бас гигиенасының басты ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.	Кеңес. "Тез тамақтанудың зияны".	Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі - оның денсаулығының кепілі".